



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

29 Сәуір 2015 г.

Еуропалық одақ ұсынған шағын гранттар

Қзақстанда жергілікті қоғамдастықтарға қоршаған ортаның ластану мәселелерін шешуге көмектесті

ҚАРАҒАНДЫ/БАЛҚАШ/ГЛУБОКОЕ/ТЕМІРТАУ/СТЕПНОГОРСК – қараусыз қалған уран кеніштерінің шахталық қоқыс шаңы, заңсыз қоқыс үйінділері, Ертіс өзенін ауыр металдармен уландыру, Балқаш көлін ластау және ауаның өте қатты ластануы. Бұл Арника чехиялық мемлекеттік емес ұйымы мен оның қазақстандық серіктестері - ЭкоМұражайы, Жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы (CINEST) тарапынан үйлестірілетін шағын гранттар бағдарламасы шегінде қаржылық қолдау тапқан бес жобаның тақырыптары. Еуропалық одақ «Қазақстан Республикасында химиялық қауіпсіздікті жақсарту бойынша азаматтық қоғам құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» масштабты жобасының бөлігі ретінде жалпы бюджеті 12 000 евро ұсынды. Іріктелген жобалар шамамен 800 000 адам денсаулығына қауіп төндірген қоршаған ортаның ластану мәселелерін шешуге көмектесті.

Шағын гранттар бағдарламасы шегінде бұқаралық ақпарат құралдарында 47 мақала жарияланды, 4 көпшілік тыңдау, 3 семинар және қоғамдастықты ақпараттандыру бойынша 5 іс-шара ұйымдастырылды. Жалпы алғанда бұл шараларға 548 адам қатысты. Бүгін, Қарағанды қаласында жергілікті гранттарды іске асырған ұйымдар азаматтық қоғамдастықтың басқа топтарымен семинарда кездеседі және әрі қарайғы ынтымақтастық жолдарын талқылайды.

«Жергілікті мәселелерді шешудің ең тиімді жолы – азаматтарды белсенділендіру болып табылады. Шағын гранттарды әске асырған азаматтық топтар көршілерін тартуда және құзырлы органдарға жүгінуде өз қуатын және шығармашылық әлеуетін көрсете білді. Олардың күш салулары химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және өздерінің, балаларының өмірі үшін қоршаған орта қалпының жақсаруына ықпалдасты», - Арника жобасының үйлестірушісі Мартин Скальский.

«Біздің сарапшылар жергілікті топтарға кампанияны жоспарлауға, оны жариялауға немесе қоршаған ортаның ауқымды ластану мәселесін шешу жолдарын іздеуге көмек жасады. Ендігіде бізге анықталған мәселелердің шешілуін қамтамасыз ету үшін қоғамдық қысымды сақтап отыру қажет», - ЭкоМұражай шағын гранттар менеджері Юлия Калмыкова.



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17, 130 00 Prague 3 The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org

Серіктестер: EcoMuseum
Karaganda, CINEST



Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады
Космонавтов көш., 62 үй
Астана 010000
Тел.: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.



Жалпы алғанда, шағын гранттар бағдарламасына Қарағанды, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарынан 11 жоба ұсынылды. Сұрау жасалған қаржы көлемі 30 000 еуродан асып кетті. Жобалар Чехия Республикасы, Қазақстан және Ресей Федерациясы сарапшылары тобымен бағаланып отырды.

Қосымша ақпарат:

(ағылшын тілінде) <http://english.arnika.org/kazakhstan/small-grants-programme>

(орыс тілінде) <http://toxic.kz/o-proekte/deyatelnost/set-npo/mini-granty/proekty/>

Қосымша 1

Шағын гранттар бағдарламасы шегінде қолдау тапқан жобаларға шолу:

жоба атауы	іске асыратын МЕҰ	орналасуы және іске асыру орны	ластану құрбандары санын бағалау	ЕО ұсынған бюджет
Қарағанды қоршаған ортасына заңсыз қоқыс үйінділерінің әсері	ЭкоОбраз	Қарағанды / Қарағанды обл.	500 000 адам	€ 2,300
Ертіс өзенінің металлургиялық қоқыстардың ауыр металдарымен ластануы	Экосогласие	Глубокое / Шығыс Қазақстан	9,000 адам	€ 2,000
Теміртау қаласында ауа ластануының қоғамдық мониторингісі	Отражение	Теміртау / Қарағанды обл.	170,000 адам	€ 2,220
Солтүстік Балқаш маңының зарарлы ластануымен күрес	Балқаш экологиялық орталығы	Балқаш / Қарағанды обл.	30,000 адам	€ 2,500
Степногорск қаласында уран жер асты қоймасын қалпына келтіруге қоғамдастықтың қатысуы	Адам денсаулығы институты	Степногорск / Ақмола облысы	70,000 адам	€ 2,000

Қосымша ақпарат үшін: **Вратислав Возник** (Арника), vratislav.voznik@arnika.org, моб. +420 606 727 942, тел./факс +420 222 781 471, **Юлия Калмыкова** (ЭкоМұражай шағын гранттар менеджері), email: julia.kalmykova@gmail.com, моб. +7 7015 138 212, тел./факс +7 721 241 3344, немесе Қазақстан Республикасындағы ЕК Өкілдігінің жұртшылықпен байланысы бойынша жасауатты **Карла Жаманкуловаға** karlvqash.iatankulova@ec.europa.eu электрондық пошта арқылы хабарласуларыңызды өтінеміз.



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17, 130 00 Prague 3 The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org

Серіктестер: EcoMuseum
Karaganda, CINEST

Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады
Космонавтов көш., 62 үй
Астана 010000
Тел.: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63

Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.